

**«Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» акционерлік
қоғамына 2025 жылдың 1-жартыжылдығында сыбайлас жемқорлыққа
қатысты түскен арыз-шағымдар бойынша
Шолу**

2 шілде 2025 жыл

Қызылорда қаласы

"Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы" акционерлік қоғамының Директорлар Кеңесімен бекітілген, «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» акционерлік қоғамының Комплаенс офицерінің 2025 жылы атқаратын жұмыс жоспарының 10 тармақшасы бойынша, «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» акционерлік қоғамында 2025 жылдың 1-жартыжылдығында сыбайлас жемқорлыққа қатысты түскен арыз-шағымдарға шолу жасау, жоспарланған.

Аталған жоспарды орындау мақсатында, «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» акционерлік қоғамының (әрі қарай- «ҚЭТТК» АҚ) кеңсе меңгерушісі Ш.Қожбановадан, «ҚЭТТК» АҚ-на 2025 жылдың 1-жартыжылдығында сыбайлас жемқорлыққа қатысты түскен арыз-шағымдардың саны және арыз-шағымдар бойынша атқарылған жұмыстар жөнінде және сонымен қатар, «ҚЭТТК» АҚ-на тиесілі «Facebook» және «Instagram» желілері арқылы 2025 жылдың 1-жартыжылдығында сыбайлас жемқорлыққа қатысты түскен арыз-шағымдардың саны және арыз-шағымдар бойынша атқарылған жұмыстар жөнінде, мәлімет сұратылды.

Нәтижесінде, кеңсе меңгерушісі Ш.Қожбанованың 01.07.2025 жылғы №18-3395 қызметтік хатына сәйкес, «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» акционерлік қоғамына 2025 жылдың 1-жартыжылдығында сыбайлас жемқорлыққа қатысты арыз-шағымдардың түспегендігін және «ҚЭТТК» АҚ-на тиесілі «Facebook» және «Instagram» желілеріне де 2025 жылдың 1-жартыжылдығында сыбайлас жемқорлыққа қатысты арыз-шағымдардың түспегендігін хабарлаған.

Сонымен қатар, «ҚЭТТК» АҚ-ның Комплаенс офицерінің 2025 жылы атқаратын жұмыс жоспарының 4-ші тармағына сәйкес, «Ашық есік күнін» өткізуге арналған жұмыс жоспарын жүзеге асыру барысында, «ҚЭТТК» АҚ-да «Ашық есік күнін» өткізу кезінде, қала, аудан тұрғындарынан сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын бұзудың бар болуы немесе ықтимал мүмкіндігі туралы арыз-шағымдар түспеген.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, 2025 жылдың 1-жартыжылдығында «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» акционерлік қоғамына және мекемеге тиесілі «Facebook» және «Instagram» желілеріне, сыбайлас жемқорлыққа қатысты арыз-шағымдар түспегендігі анықталды.

Алдағы уақытта, «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» акционерлік қоғамына және мекемеге тиесілі «Facebook» және «Instagram»

желілеріне, сыбайлас жемқорлыққа қатысты арыз-шағымдар түскен жағдайда, құқықтық актілерге байланысты, тексеріліп, тиісті жұмыстар жүргізілетіндігін білдіремін.

Шолу жасаған:
«ҚЭТТК» АҚ-ның
Комплаенс офицері



Б.Кушимбаев